



Автор: Токаева Назгуль Муратбековна

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...

Тақырып: О.Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесіндегі автор және кейіпкер бейнесі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау.
Сабақтың мақсаты:	- шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасай алу; - эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; - кейіпкер бейнесін талдай алу.
Тілдік мақсаттар:	Тірек сөздер: құлағының мүкісі бар, қоламта, жемделген ат
Күтілетін нәтиже:	шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасай алады; эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтай алады және кейіпкер бейнесін талдай алады.
Бағалау критерийлері:	• Кейіпкерлер түрін біледі; • Кейіпкерді тек тұрғысынан сипаттай алады.
Құндылықтарды дарыту:	• адамгершілік; • достық; • құрмет
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	тарих
Бастапқы білім:	О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» шығармасының тақырыбы мен идеясын біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (12 минут)	1. Үй тапсырмасын сұрау. 2. Қызығушылықты ояту кезеңі Мұғалім тақтаға «Қарым-қатынас қандай болу керек?» деген сұрақты жазып қояды. Оқушылар кезекпен-кезек шығып бір сөзбен ойын жазып кетеді. Мысалы: - Сыйластықта - Жақсы - Бір-бірін қорғау керек - Жақсылық жасау керек - Дос болу керек - Қайырымды болу керек Жазғандарын сынып оқушылары оқып болғаннан кейін мұғалім қойған сұраққа жұпта сөйлеседі. Сұрақтар: • Ораш пен Тортайдың қарым-қатынасы қандай болды? • Бір-бірін қадірлей алды ма? • Неліктен Ораш Тортайдан алыстап кетті?	интербелсенді тақта

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (21 минут)	Мағынаны тану кезеңі 1-тапсырма <i>Кестені толтыр. Берілген үзінділер қай кейіпкерге тән?</i> Үзінділер Тортай Ораш Менің үзінділер арқылы шығарған қорытындым «Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсембар, ол – кітап, әкем де, шешем де сол – кітап. Кейбірін екі-үш қайтара жалықпай оқып шықтым. Жалғыздығың, жетімдігің – бәрі-бәрі ұмтылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын. «Кетерімде ол маған ең сүйікті кітабын сыйлап тұрып айтты: «Мен үшін де оқы. Бәлкім, мен міне алмаған ақ боз атқа сен мінерсің». «Күз жақындап, фермадағы барлық бала жайлаудан ауылға оқуға аттанғанда, тау басында бұзау бағып, жападан-жалғыз Тортай ғана қалған. Әрине, мен оны қимадым, қиналдым. Өзіммен бірге ала кететін шаманың жоқтығына жыным келді». Шешемнің қолынан – бір, жолынан – екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын. «Әке-шешен іздеп жүрер, үйіңе қайт, қорықсаң – мен шығарып салайын» Дескриптор: - кестені толық толтырады; - үзінділерді ажырата алады; - кейіпкерлерді ажырата алады. 2- тапсырма Ораш бала кезінде бірге өскен досы Тортай келгенде амандасуға шықпай қалды. Осы әрекеті дұрыс па? ИЯЖОҚ 1. 2. 3. түйін: 1. 2. 3. Дескриптор: - пікірді жоққа шығара біледі; - ұстанған позициясы бойынша қорытынды жасайды; - оқушы ойын жүйелейді, пікірін дәлелді айта алады. 3- тапсырма: Эссе жазу Әдеби эссе жазу үшін бірнеше тақырып ұсынылады: - «Тортайдың отбасының болмауы тағдырына қалай әсер етті?» - «Тортай арманының орындалмауына кім кінәлі: Тортай ма, тағдыр ма?» эссенің сөз саны - 100 Дескриптор: - тақырыпты толық ашып жазады; - тақырыптан ауытқымайды; - сөз санын сақтайды; - жазу стилін біледі.	слайд, презентация Кері байланыс/2 минут Кері байланыс/2 минут

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (2 минут)	Үй тапсырмасы: «Кейіпкерге хат жазу» 1. Шығарма кейіпкерлерін бөліп беру; 2. Берілген кейіпкерлерге олардың іс-әрекеті туралы сұрақтарды топтастырып, хат жазу керек; 3. Егер ... болса, не болар еді? Неге? Неліктен? 4. Хат соңында кейіпкерге ұсыныс жазғызыңыз. Дескриптор: - шығарма кейіпкерлерін таңдай алады; - берілген кейіпкерлерге олардың іс-әрекеті туралы сұрақтарды топтастырады және хат жаза алады; - ойын дәлелдей алады; - кейіпкерге ұсыныс жаза алады.	
Рефлексия (5 минут)	Сабақ рефлексиясы: <i>Оқушыларға қозғалыс арқылы рефлексиялық сараптау түрлерін ұсынуға болады:</i> - жартылай отыру - өте аласа сараптау, жағымсыз қатынас; - отыру, яғни тізелерді аз бүгіп отыру - орта сараптау, немқұрайлы қатынас; - әдеттегі қалыпты тұрыс, қолдары тігістерде ұстау - қанағаттанарлық сараптау, байсалды қатынас; - қолдарын шынтақтарға қойып көтеру - жақсы сараптау, жағымды қатынас; - Қолдарын жоғары көтеріп, алақандарын соғу және аяқтарының ұшымен тұру - өте жоғары сараптау, қуанышты қатынас.	